

«Абай атындағы №31 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығындағы тәрбие жұмысы бойынша жүргізілген іс-шаралар

1 қыркүйек – Білім күніне орай «Мектебім-мерейім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Мектеп директоры Н.Ахметов өз сөзінде мектеп табалдырығын алғаш рет аттаған бүлдіршіндерді, оқушылар мен ата-аналарды 1 қыркүйек – Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру - біздің басты міндетіміз екендігін атап өтті. Салтанатты жиыннан кейін Білім күніне арналған 1-11 сынып оқушылары аралығында «Мектебім-мерейім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді



ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҮЖЫРЫМДАМАСЫ негізінде «Сергіту сәті» республикалық челленджінің мақсаты: балалардың салауатты өмір салтын насихаттау, шаршаудың алдын алу, ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру, дене бітімінің бұзылуының алдын алу. Республикалық челленджіне мектеп оқушылары да өз үлестерін қосты.



11.09.2023 жылы сағат 10:00 де "Жер-2023" командалық-штабтық оқу-жаттығу жиыны ұйымдастырылып өткізілді. Оқу-жаттығу жиынына мектептің қызметкерлері мен білім алушылары толық қауіпсіз аймаққа шығарылып, төтенше жағдай кезіндегі атқарылатын шаралар мен қауіпсіздік ережелері таныстырылды.



Түркістан қаласы әкімдігі Ішкі саясат бөлімі, Жастар ресурстық орталығы маманының ұйымдастырумен "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ-нің теолог маманымен бірлесе отырып жоғары сынып оқушылары арасында кездесу өтті. "Жасөспірімдер мен жастар арасында теріс ағымдардың ықпалының алдын алу" тақырыбында өткізілген кездесуде дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, діни экстремизм, теріс пиғылды діни ағымдардың алдын алу, ұлттар арасындағы татулық бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Бсыныптар "Мемлекеттік тіл - менің тілім" тақырыбында сыныптан тыс сағаты өтті. Оқушылармен үш тілде өлеңдер оқып, "Алдар көсе" ертегісін ағылшын тілінде сомдап, ән айтылып, би биледі





Қыркүйек айының 27 күні "Ата-ананың тәрбиесі-бала мінезінің іргетасы" тақырыбында мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. «Жаңа оқу жылына-жаңа міндеттер» . Баяндамашы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-Н.Мамыраймова
2. «Мектепке жол акциясы» , 1-4 сынып оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы» . Хабарламашы әлеуметтік педагог- М.Қарабаева
3. «Ата-ананың бала психологиясына әсері» педагог-психолог Б.Орынбасарова
4. «Мектепшілік ата-аналар комитетінің құрамына қайта сайлау»
5. Әртүрлі мәселелер



Түркістан облысы білім басқармасы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 20.02.2023 жылғы №2-3-6/1569-И хатына сәйкес біріңғай "Адалдық сағаты" 28-қыркүйек күні (сағат 10:00) өтті.



Түркістан қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт клубының ұйымдастыруымен 6 сектор бойынша мектеп аралық күзгі,қысқы "Дені сау ұрпақ-ұлт болашағы" атты ұранмен оқушылар арасында спартакиада болып өтті. мектебіміздің спортшылары шахматтан 1-орын, теннистен 1-орын, баскетболдан 1-орын, волейболдан 2-орындарды жеңіп алды.



1 қазан – Халықаралық қарттар күні 8 сынып оқушылары ардагер ұстаздарымыздың үйіне барып, мерекелерімен құттықтап, ақ бата, тілектерін алып қайтты.





Мектебімізде 5 қазан күні ұйымдастыруымен "Ұстаз-ұлы тұлға" атты ұстаздар күніне орай мерекелік құттықтау шарасы болды. Оқушылар өз ұстаздарына құрмет көрсетіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Оқушылардың ұйымдастырған мерекелік құттықтау шарасына ұстаздары өз ризашылықтарын білдірді.



1. "Жол қауіпсіздік ережелерін сақтау және кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу жұмыстары" тақырыбында кездесу болып өтті.

Түркістан қалалық полиция қызметінің аға учаскелік капитаны Ысмайлов Мақсат Өскенбайұлы.

Түркістан қалалық полиция басқармасының Криминалды полиция бөлімінің жедел уәкілі полиция аға лейтенанты Тұрсын Ербол.

Түркістан ҚПБ-ның жол патрульдық ботольионының орынбасары полиция копитаны Журсинбаев Даурен. Қатысуымен 9-10-11 сынып оқушыларына профилактикалық жұмыс жүргізілді.

2. Түркістан қаласы ішкі саясат бөлімі "Жастат ресурстық орталығы" инспекторы Салтанат Ержанқызы. "Қаржы пирамидасы және алаяқтыққа қарсы күрес".

Түркістан қаласы ішкі саясат бөлімі "Жастар ресурстық орталығы" психологы Мунира Мұсаханқызы "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ"

"Әлемжеттік әлсіздіктің ісі" тақырыбында баяндама жасады.



"ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ" ұйымына президенттік сайлау

13.10.2023 №47 хатына сәйкес, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қасиеттерін іске асыру мақсатында, Мектеп парламентінің президенттік сайлауы 20 қазан күні болып өтті. Сайлауға 7-11 сынып оқушылары қатысты. Сайлау нәтижесінде 11 Ә сынып оқушысы : Амангелді Даниал 146 ұпаймен «Мектеп Президенті» етіп сайланды. Және де әр фракция бойынша оқушылар арасында ашық дауысқа салынып өзін-өзі басқару ұйымының фракция мүшелері сайланды



Түркістан қаласында қала әкімдігінің тапсырмасына сәйкес, қазан айының 21-жұлдызы «МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ – ТАЗА ҚАЛА!» атты жалпықалалық эко акция бастау алды. Әрбір ауланың тазалығы үшін “Бұл менің қоқысым емес, бірақ бұл – МЕНІҢ ҚАЛАМ” деген ұстаныммен мектеп ұжымы бір кісідей атсалысып, бөлінген аумақтарда тазалық жұмыстарын жүргізді.

Сенбілік - мектебіміздің ауласын таза ұстауға, экологиялық мәдениет қалыптастыруға және санитарлық жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізуде.



25 қазан – Республика күні! 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Мектебімізде “Менің Қазақстаным” тақырыбында мерекелік концерттік бағдарлама болып өтті.



Түркістан қаласы білім бөлімінің 28.11.2023 жылғы № 15/01-01/3875 шығыс хаты негізінде Абай атындағы №31 жалпы білім беретін мектебінде 9-11 сынып оқушыларының арасында «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ», «Өз – өзіне қол жұмсау» (Шатырға шығу, орынсыз контентті бұғаттау, дәрілік препараттарды дұрыс қолданудың) алдын – алу мақсатында мектеп психологы, әлеуметтік педагог, Түркістан қаласы ЮПТ – ның жергілікті жердегі инспекторы, Ата -аналар комитетінің төрағасы және қамқоршылық кеңестің мүшелерінің қатысуымен іс – шаралар өткізілді



14.12.2023ж күні Абай атындағы N31 жалпы орта мектебінің 5 сынып оқушыларын "Жас Ұлан" ұйымына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын болып өтті. Жиын барысында оқушыларымыз "Жас Ұлан" ұйымына қабылданушының аңтында жазылғандай, "Жас Ұлан" ережесін бұлжытпай орындауға, білімге табандылықпен ұмтылуға, Отанымызды мақтаныш етуге салтанатты түрде ант қабылдап ,мүшелікке қабылданды.



Абай атындағы N31 ЖББМ-де "Тәуелсіздік- тұғырым" атты мерекелік концерттік бағдарлама болып өтті. Мектеп директоры Нұрбол Ахметов мұғалімдерді Алғыс хаттармен марапаттады.





Түркістан қаласының білім бөлімі сіздерге Түркістан облысы білім басқармасының 11.12.2023-ғы N42-01-11/8780, Түркістан қаласы полиция басқармасының 11.12.2023-ғы N44-13-54-1-30/2133 хатына сәйкес Ресейлік өнім «Слова пацана. Кровь на асфальте» атты телехикаясына байланысты. Абай атындағы N31 ЖББМ-де ҚІБ ЖПҚБ ЮПТ-ның инспекторыларымен біріккен жиналысы ағымдағы жылдың 22 желтоқсанында өткізілді.



Түркістан қаласының білім бөлімінің 20.12.2023-ғы N15/01-01/4109 шығыс хаты негізінде Абай атындағы N31 ЖББМ-де ҚІБ ЖПҚБ ЮПТ-ның инспекторларымен бірлескен жиын болып өтті. Жиында «Жаңа жыл» мерекесі қарсаңында «Бала өмірі мен қауіпсіздігін сақтау, жарақаттың алдын алу», «Қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету» мақсатында күйіп қалудан, жарақаттанудан, өрттен және басқа мерекелік көңіл-күйге кірбің түсіретін жайттардан аулақ болу үшін пиротехникалық өнімдерді қауіпсіз қолдану ережелері мен отшашуларды абайлап пайдалану бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

